

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



№103 (9990)
30 желтоқсан
сенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағымдасы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Тарту



Емхана – ел игілігіне

СӘРСЕНБІНІҢ СӘТТІ КҮНІ ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛІП, АЛАМЕСЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯНЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ. KEЙІНГІ КҮНДЕРІ АЙМАҚТЫҢ АУЫЛДАРЫНДА БОЙ КӨТЕРГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР ҚЫЗМЕТІН БАСТАУДА. ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯЛАРДЫҢ АШЫЛУЫ ХАЛЫҚТЫҢ МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙІМЕН АСТАСЫП, АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫННЫҢ ҚУАНЫШЫН ЕСЕЛЕДІ. ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІМЕН ЖӘНЕ ЖАҢА НЫСАННЫҢ АШЫЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАҒАН АЙМАҚ БАСШЫСЫ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРҒА, БАСТАМАЛАРҒА ТОҚТАЛДЫ.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының әлеуметтік мәні зор. Біз ауыл тұрғындарын 100 пайыз сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз ету туралы айтып отырмыз. Бұл – мемлекет ретінде біздің міндетіміз» деп ұлттық жобаның маңызын атап өткен болатын. Қазір медициналық қызметтің қолжетімділігін, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту арқылы

саладағы реформалар алға жылжып келеді. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынууда. Оның ішінде 15 дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілуде. Бүгінге дейін 6 дәрігерлік амбулаторияны аштық. Ауылдардағы жаңа ғимараттар тұрғындар саулығын жақсартуға қызмет етсін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов жерлестерін құттықтап, Аламесек ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдіқайыр Әйтімов бата берді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтарына марапат тапсырылды. Айта кетейік, Аламесек ауылдық округінен ашылған жаңа амбулаторияның лабораториялық құрал-жабдықтарымен көршілес Жанадария және Еңбек ауылы

тұрғындарына да медициналық қызмет көрсетіледі. Құрылысты салған «Асар» ЖШС ғимараттың келушілерге жайлы болуына баса мән берген. Онда тіркеу орны, қабылдау, дәріхана, оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті бар. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай жасалған.

ЖАЛҒАСЫ 2-BETTE.



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Еліміз тағы бір жылды тарих қойнауына жіберіп, жаңа кезеңге қадам басты.

Баршаңызды осындай елеулі сәтте Жаңа 2024 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жыл еліміз үшін, әсіресе ауданымыз үшін жарқын жобалар жүзеге асқан табысты, жарқын істерге, жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл жыл өзінің есте қаларлықтай оқиғаларымен, құндылықтарымен ел тарихынан лайықты орнын алатыны сөзсіз.

Өткен жыл белесінде еліміздің экономикасы қарыштап дамыды. Халықтың әл-ауқаты еселеп өсті. Біздің бұл күнгі жеткен жетістігіміз, жасалған жарқын істер – тәуелсіз еліміздің, халқымыздың бірлігі мен жасампаздығының жемісі.

Ауданымыз үшін де жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктердің, серпінді жобалардың орындалуымен құнды жыл болды. Аудандағы жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, шағын және орта кәсіпкерлікке серпін беруге, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы өңір экономикасын арттыруға бағытталды.

Жаңа жұмыс орындары ашылып, құрылыс қарқынды жүрді. Жолдар жаңартылып, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мәселелер жолға қойылды. Жалпы, аудан бюджеті ең өзекті мәселелерді шешуге, аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға жұмсалуда.

Құрметті жерлестер!

Біз Жаңа жылға ерекше пейілмен, жақсы ниетпен, ізгі үмітпен қадам басамыз. Жаңа жыл – адамзат баласы үшін алдағы күндерді межелеп, өткенді зерделейтін маңызды кезең. Алда ауқымды жоспарларымыз да бар.

Жақсылықтың жаршысы Жаңа жыл ынтымағы мен бірлігі жарасқан аудан халқы үшін сәтті жыл болып, әр шаңыраққа береке-бірлік, шаттық пен қуаныш орнасын!

Құрметпен,
аудан әкімі Ардақ Ибраимов

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Енді санаулы сәттерден кейін жаңа 2024 жылға қадам басқалы тұрмыз. Сіздерді тамаша мереке – табалдырығымызды аттағалы тұрған жаңа жылмен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін.

Тарих қойнауына енгелі тұрған өткен жыл еліміз үшін, аймағымыз үшін, оның ішінде Жалағаш ауданы үшін де жарқын істерге, жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды деп айта аламыз.

Бүгінде еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Өткен жылдар белесінде еліміздің экономикасы қарыштап дамыды. Халықтың әл-ауқаты еселеп өсті. Қазір Қазақстан – әлемдік аренада лайықты орынға ие және әлемде жүріп жатқан үдерістердің толыққанды қатысушысы.

Біздің жеткен жетістіктеріміз, жасалған жарқын істер – аудан халқының бірлігі мен жасампаздығының жемісі. Біздің ең басты байлығымыз – бірлік. Біз ежелден ерлікті бағалап, елдікті ардақтаған, байыпты қалпы мен салихалы салтын сақтаған жоралы жұртпыз. Татулық пен тұрақтылық арқылы биік белестерді бағындырдық. Ырысты ынтымағымыз жарасты болса, ұлағатты ұлт ретінде мәңгі жасаймыз.

Біз жаңа жылға ізгі үмітпен, ерекше пейілмен, жақсы ниетпен қадам басамыз. Жаңа жыл – адамзат баласы үшін өткенді зерделеп, алдағы күндерді межелейтін маңызды мереке. Алда ауқымды жоспарларымыз бар. Жұмылған жұдырықтай бірлікпен алдағы асулардан да өтеміз.

Дана халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Жаңа жыл әрбіріңіздің шаңырақтарыңызға шаттық сыйласын. Жаңа жыл еліміздегі барша халықтың сүйікті Отаны, ортақ үйі Қазақ еліне жақсылығы мен игілігін, мол ризық-несібесін ала келсін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен Жалағаш аудандық
мәслихатының төрағасы
Өмірзақ Елеусінов



Балалар қуанышқа бөленді

Жаңа жыл – балалар үшін әлемдегі қуанышқа толы ғажайып мереке. Әр баланы жыл сайын сиқырлы ертегілер әлеміне жетелейтін бұл мереке биыл да аудан бүлдіршіндерін ерекше көңіл-күйге бөледі. Балалар асыға күтетін Жаңа жылдық мереке жаңалық пен жұмбаққа толы таңғажайып ертегілер әлемі іспетті. Әсерлі қойылымдар мен түрлі сыйлықтармен толығымен балалардың дәстүрлі той-думаны биыл оқушылар үйінде өтті. Балалардың қуанышына ортақтасу үшін аудан әкімі Ардақ Ибраимов балғын бүлдіршіндерге арналған жаңа жылдық шыршаға қатысып, жас буынға ыстық лебізін білдірді.

– Биылғы жыл толағай табыстарға толы болды. Білім, спорт, мәдениет саласында жоғары жетістіктерге жетіп, аудан абыройын асқақтаттыңыздар. 2024 жылдан да үлкен үміт күтеміз. Ең бастысы, денсаулықтарыңыз мықты болсын! Оқуда озат болыңыздар! Бақытты

балалық шақ тілеймін, – деді аудан басшысы Ардақ Әбдіғаппарұлы. Бүлдіршіндерге ізгі тілегін арнап, балалардың мерекеге дайындалған өнерін тамашалап, мерекелік сыйлықтар табыс еткен аудан басшысы балғын бүлдіршіндермен бірге шырша шамын жақты.

Айта кетейік, мерекелік шараға аудан бойынша көпбалалы отбасылар балалары, ерекше жағдайдағы балалар мен білім, өнер, спортта жетістікке жеткен талантты да дарынды 50 оқушы қатысты.

ЖАЛҒАСЫ 2-BETTE



